

«TAMOS Education» үшін балаларымыздың қауіпсіздігі өте маңызды. Біз әрдайым оқу барысында оқушыларымызға барынша өздерін еркін ұстай алатын қауіпсіз, қонақжай және жайлы оқу орнын құруға тырысамыз.

Шұғыл түрде эвакуациялау

Өрт, жер сілкінісі мен өзге де дүлей апаттар кезінде мектеп ғимараттарын эвакуациялап, балалар мектеп алаңындағы қауіпсіз жерге шығарылады. Біз шұғыл түрдегі эвакуациялау оқу-жаттығу жұмыстарын жылына екі рет өткіземіз. Эвакуациялау бағыттары мен шығатын жол карталары барлық ғимараттардың әр қабатында көрсетілген.

Қауіпсіздік

Мектепте тәулік бойы кезекші күзетшілер жұмыс істейді, холдар мен кіре берістерде бейнебақылаулар орнатылған. Күндіз мектепке келуші барлық қонақтарды қауіпсіздік қызметі тіркеп, тиісті бейдждерді таратады.

Төтенше ауа-райы жағдайындағы шаралар

Төтенше ауа-райы жағдайында мектеп жабылмайды. Алайда, айрықша жағдайларда мектеп жабылады. Мектептің жабылуы туралы шешімді Директор таңғы 07:30 дейін қабылдайды. Мектептің жабылуы туралы хабарды тез білудің ең жеңіл амалы - мәлімет алу үшін сынып жетекшісіне хабарласу.

Барлық төтенше ауа-райы жағдайында ата-аналар балаларын мектепке жіберу қаншалықты қауіпсіз екендігі туралы шешім қабылдауы тиіс. Ауа-райы одан сайын нашарлайтын және үйге оралу қиынға соғатыны туралы қауіп болса, ата-аналар балаларын уақытынан бұрын еркін алып кете алады.

Көрсетілген айрықша жағдайлардан басқа кезде мектеп сабақ аяқталғанға дейін жабылмайды. Ата-аналардың ұялы телефондары қосулы болу керек. Мектеп жедел түрде жабылатын жағдайда мектеп хатшысы, әкімшілік немесе сынып жетекшілері ата-аналарға хабарласады немесе хабарлама жібереді. Алдын-ала хабарлаусыз бірде-бір бала үйіне жіберілмейді. Мектепте қалған оқушыларға мектеп қажетінше қамқорлық көрсетеді.

Өрт

Өрт тұтануын анықтаған кезде жақын орналасқан өрт хабарлағышты қосыңыз, ғимараттан шығып, төтенше эвакуациялау оқу-жаттығу жұмыстары кезіндегі және әр қабатта ілінген эвакуациялау жоспарына сай аумақта жиналыңыздар. Басшылықтың бұл жағдай туралы хабарланғандығына көзіңізді жеткізіңіз, кейін өрт сөндіру қызметіне хабарласыңыз.

Барлық қызметкерлер мен оқушылар ғимараттан шығу жолдарын жақсы білуі үшін олар есіктердің орналасуы мен өрт кезіндегі шығу жолдарымен танысуы тиіс. Барлық қызметкерлер мен оқушылар өрт сөндіргіштер мен өрт хабарлағыштардың орналасқан жерін, оларды қолдану нұсқаулықтарын білуі керек. Апаттық шығу жолдары ашық болуы шарт. Қызметкерлер мен оқушылар тез жанатын заттарды апаттық шығу жолдарына қоюға, өрт хабарлағышты, өрт сөндіргіш немесе электр тарату құрылғыларын бұзғатпауға тыйым салынады.

Өрт хабарлағыш – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 9:30 тексерілетін сирена. Есеп журналында енгізілетін өрт кезіндегі оқу-жаттығу жұмыстары жоспарланған. Өртке қарсы құрылғылар жыл сайын тексеріледі, тексерістер тіркеліп, құрылғыда көрсетіледі.

Өртке қарсы қауіпсіздік

Түңгі уақыттағы электр қуатының өшірілуін, газ вентильдері, ғимараттағы барлық есіктердің жабылуы мен қабаттарды бұзғатпаудың мағынасын толық түсіну мүмкін емес. Мектеп ғимараттарында шылым шегуге тыйым салынған. Өрт қаупін бағалау жыл сайын өткізіледі.

Implemented: March 2019

Выполнено: март 2019 г.

Орындалды: 2019 жылдың наурыз айы

Reviewed: July 2022

Рассмотрен: июль 2022

Қайта қаралды: 2022 жылдың шілде айы

To be reviewed: July 2025

Подлежит рассмотрению: июль 2025

Қайта қарау: 2025 жылдың шілде айы



Өрт және эвакуациялау саясаты